

KASE

АПТАЛЫҒЫ

24–28 маусым,
2024

KASE ЖАҒАЛЫҚТАРЫ

- KASE "Home Credit Bank" АҚ арналған "Эмитент күнін" [өткізді](#).
- KASE "Қазпошта" АҚ Басқармасының Төрайымы Әсел Жанасованың қатысуымен KASE Talks [өткізді](#).
- KASE Басқармасы "Автоматты" тәсілмен жүзеге асырылатын репо операцияларының маманданымына түзетулерді [бекітті](#).
- KASE өтімділіктің бірінші, екінші және үшінші сыныптарының бағалы қағаздарының тізімін 2024 жылғы шілдеге [қалыптастырды](#).
- "Ар-Аудит" ЖШС, "Восток-аудит" ЖШС және "PKF Audit & Assurance" ЖШС екінші деңгей бойынша KASE мойындайтын аудиторлық ұйымдардың тізбесіне [енгізілген](#).
- KASE ресми тізіміне "Азық-түлік келісімшарт корпорациясы" ҰК" АҚ [KZ2C00011534](#) (PRKRb10) облигациялары енгізілген.
- KASE-де "Қазақстандық орнықтылық қоры" АҚ [KZ2C00010569](#) (KFUSb67), "Бәйтерек" ҰБХ" АҚ [KZ2C00011237](#) (BTRKb13), "Swiss Capital (Свисс Капитал)" МҚҰ" ЖШС [KZ2P00011497](#) (MFSCb4) облигацияларымен, үш атаудағы [халықаралық облигациялармен](#), АҚШ Қаржы министрлігінің [халықаралық облигацияларының](#) бес шығарылымымен сауда-саттық ашылды.
- "First Heartland Jusan Invest" АҚ "Бәйтерек" ҰБХ" АҚ [KZ2C00011237](#) (BTRKb13) облигациялары бойынша KASE-де маркет-мейкер мәртебесі [берілді](#).

ОРНАЛАСТЫРУ НӘТИЖЕЛЕРІ

- Қазақстан Қаржы министрлігі KASE-де 23,5 млн МЕОКАМ [KZK200000729](#) (MOM048_0054), 49,8 млн МЕУКАМ [KZKD000001251](#) (MUM072_0015), 38,2 млн МЕУКАМ [KZKD00000949](#) (MUM168_0003), 13,4 млн МЕУКАМ [KZKD00001194](#) (MUM180_0016) және 37,7 млн МЕУКАМ [KZKD00000543](#) (MUM192_0002). орналастырды
- "Home Credit Bank" АҚ KASE-де [KZ2C00011351](#) (HCBNb14) облигациясын орналастыру арқылы 6,4 млрд теңге [тартты](#).
- "Өнеркәсіпті дамыту қоры" АҚ KASE-де жазылым арқылы [KZ2C00011542](#) (IDFRb7) облигацияларын орналастыра отырып, 50,0 млрд теңге [тартты](#).
- "Swiss Capital (Свисс Капитал)" МҚҰ" ЖШС KASE-де [KZ2P00011497](#) (MFSCb4) облигацияларын орналастыра отырып, жазылым арқылы 2,0 млрд теңге [тартты](#).
- "Қазақстандық орнықтылық қоры" АҚ KASE-де [KZ2C00010551](#) (KFUSb66) облигацияларын орналастыру арқылы 2,5 млрд теңге [тартты](#).
- "Азық-түлік келісімшарт корпорациясы" ҰК" АҚ KASE-ге [KZ2C00011534](#) (PRKRb10) облигацияларын орналастыру арқылы 13,0 млрд теңге [тартты](#).

ЭМИТЕНТТЕРДІҢ ЖАҒАЛЫҚТАРЫ МЕН АНОНСТАР

- "ҚазМұнайГаз" ҰК" АҚ Fitch Ratings агенттігі компания рейтингтерін растағаны туралы [хабарлады](#), болжам "Тұрақты".
- "ҚазТрансОйл" АҚ Fitch Ratings агенттігі компания рейтингтерін растағаны туралы [хабарлады](#), болжам "Тұрақты".
- "Kaspi Bank" АҚ S&P Global Ratings агенттігі банк рейтингтерін көтергені туралы [хабарлады](#).
- "Аграрлық несие корпорациясы" АҚ жай акциялар бойынша 2023 жылға дивидендтер [төледі](#).
- "Банк "Bank RBK" АҚ жай акциялар бойынша 2023 жылға дивидендтер [төледі](#).
- "Қазатомөнеркәсіп" Ұлттық атом компаниясы" АҚ 2023 жылға дивидендтер төлеудің аяқталғаны туралы [хабарлайды](#).
- "ҚазМұнайГаз" Ұлттық компаниясы" АҚ [KZ1C00001122](#) (KMGZ) жай акциялары бойынша 2023 жылға дивидендтер төлеудің аяқталғаны туралы [хабарлады](#).
- "Магистральдық Суағызғысы" ЖШС 2024 жылдың 01 шілдесінен бастап магистральдық құбырлар арқылы су беру жөніндегі реттеліп көрсетілетін қызметке тарифтердің бекітілгені туралы [хабарлады](#).



28.06.2024	Трендтер (%)		
KASE Индексі	5 151,81	1,1	1,6
Өтімділіктің бірінші сыныбы	Бағасы	Δ 7к	Δ 1а
AT&T Inc.	891,49	5,9	9,2
АО Kaspi.kz	63 302,00	5,6	17,0
АО "Қазақтелеком"	36 845,00	4,2	7,4
Ford Motor Company	12,64	4,1	3,4
Meta Platforms, Inc.	517,00	3,4	11,4
The Coca-Cola Company	64,47	2,3	3,2
AltynGold plc	760,00	2,0	3,5
Pfizer Inc.	28,35	1,7	1,4
Apple Inc.	217,69	1,3	13,0
АО "ForteBank"	5,79	1,2	- 6,8
Freedom Holding Corp.	80,70	0,4	1,0
АО "НАК "Қазатомпром""	18 801,01	0,0	- 3,9
АО "KEGOC"	1 475,00	- 0,0	- 1,9
АО "Банк ЦентрКредит"	1 816,00	- 0,0	0,7
АО "ҚазТрансОйл"	832,89	- 0,1	- 9,1
American Airlines	12,98	- 0,2	- 11,2
АО "Народный Банк Казахстана"	205,70	- 0,3	- 3,0
АО "Эйр Астана"	891,49	- 0,3	- 3,0
Intel Corporation	30,90	- 0,6	- 1,6
Advanced Micro Devices, Inc.	161,50	- 0,9	- 6,6
АО "Национальная компания "ҚазМунай"	12 700,00	- 1,0	- 0,8
АО "Кселл"	3 003,00	- 1,2	- 3,3
NVIDIA Corp.	126,00	- 4,6	- 88,7

Анықтама: жасыл түспен индекстік акциялар белгіленген

KASE Индексінің акциялары



Жеке тұлғалар мен бейрезиденттер үлесі



Өткен аптада KASE Индексі 1 % қосып, 5 151 тармақ деңгейіне жетті.

Kaspi.kz акциялары жай акция үшін бағаның 5,5 %-ға 63 302 теңгеге дейін өсуінің арқасында KASE Индексінің өсу драйверіне айналды. S&P Global Ratings халықаралық рейтингтік агенттігі Kaspi Bank-тің халықаралық шкала бойынша ұзақ мерзімді кредиттік рейтингін "BB+" деңгейіне дейін және банктің ұлттық шкала бойынша рейтингін "kzAA+"-ға дейін арттырды.

Қаржы секторының басқа өкілі – ЦентрКредит Банкінің акциялары бір жай акция үшін 0,1 %-ға, 1 816 теңгеге дейін төмендегенін көрсетті. Сонымен қатар, Халық банкінің жай акциялары 2 %-ға өсіп, бір жай акция үшін 206 теңге белгісінде тіркелді.

Fitch Ratings халықаралық рейтингтік агенттігі ҚазТрансОйл эмитентінің ұзақ мерзімді дефолт рейтингін "Тұрақты" болжамымен "BBB" деңгейінде растады. Сондай-ақ, Fitch Ratings ҚазМұнайгаздың "BBB" деңгейіндегі рейтингін, "Тұрақты" болжамын растады. Компаниялардың акциялары төмендегенін көрсетті: ҚазМұнайГаз – 1 %-ға, ҚазТрансОйл – 0,1%-ға.

Сонымен қатар, ұлттық авиатасымалдаушы - Эйр Астана-сатып алу бағдарламасы шеңберінде 2024 жылдың 18-24 маусымы аралығында жалпы сомасы 367 мың АҚШ долларына 126 мың акция мен 15 мың ЖДҚ кері сатып алғаны туралы хабарлады. Акцияларды сатып алудың орташа сараланған бағасы 893-тен 901 теңгеге дейін, ал ЖДҚ – 8-ден 8,1 АҚШ долларына дейін өзгерді. Авиатасымалдаушының акциялары өткен аптада 891 теңге деңгейіне дейін 0,3 % жоғалтты.

Қазатомөнеркәсіп 2023 жылға дивидендтер төлеудің аяқталғанын хабарлады. Компанияның акциялары 0,1 %-ға 18 801 теңгеге дейін өсті. KEGOC акцияларының бағасы өзгерген жоқ және 1 475 теңге деңгейінде жабылды.

Телекоммуникация секторының акциялары көп бағытты динамиканы көрсетті. Kcell жай акциялары 1 %-ға 3 003 теңгеге дейін төмендеді. Сектордың басқа өкілі – Қазақтелекомның акциялары 4 %-ға өсіп, бір қағаз үшін 36 845 теңгені құрады. Қазақтелеком қазір Phoenix Limited Partnership-те 49,98 % үлеске ие.

KASE Global секторының өсу көшбасшысы Tesla Inc. акциялары болды, оның нарықтық құнына 8 % қосылды. Акциялар сарапшылардың оң болжамдары мен компанияның болашағын жақсартудың арқасында өсті.

Tesla-дан кейін Meta Platforms Inc. акциялары келеді, олар 5 %-ға қымбаттады. Бұл өсім онлайн-жарнама көрсеткіштерінің жақсаруына және оң қаржылық нәтижелерге байланысты болды. Компания жарнама әсерлерінің айтарлықтай өскенін және жарнамалық қызметтен түсетін кірістердің қалпына келгенін хабарлады. Жоспарланған шығындарды қысқарту және шығындарды оңтайландыру туралы жаңалықтар маңызды рөл атқарды, бұл компанияның қаржылық жағдайының күтілетін жақсаруы аясында инвесторлардың оң реакциясын тудырды.

Логистикалық тізбектердің жақсаруы мен онлайн сатылымдардың өсуінің арқасында акциялары 4,6 %-ға өскен Amazon.com Inc. көшбасшыларының үштігін жабады. Тоқсандық кірістер бойынша оң үміттер мен талдаушылардың қолайлы болжамдары акциялар құнының өсуіне ықпал етті. Amazon бұлтты есептеулерде және бизнестің жаңа бағыттарында тұрақты өсуді жалғастыруда, бұл инвесторлардың компанияның ұзақ мерзімді перспективаларына деген сенімін арттырады.


Аптаның аутсайдерлері Airbus Group және Moderna акциялары болды, олар сәйкесінше 12 % және 9 % төмендеді



Өткен аптаның соңында ақша нарығындағы кірістілік төмендеді. Репо нарығындағы соңғы сауда-саттыққа сәйкес, TONIA индикаторы 13,12 %, ал TWINA индикаторы 13,33 % құрады.


Инфляция және пайыздық мөлшерлеме

Инфляция, 12М MM Index Bazалық мөлшерлеме Репо-1д Своп-1Д




ҚР ҰБ ноталарын орналастырудың негізгі параметрлері

Апталық орналастыру (←) Айлық орналастыру (←) Үш айлық орналастыру (←)
 Жарты жылдық орналастыру (←) Жылдық орналастыру (←) Айлық кірістілігі (→)
 Апталық кірістілігі (→) Үш айлық кірістілігі (→) Жарты жылдық кірістілігі (→)
 Жылдық кірістілігі (→)



Тәуекелсіз қысық кірістілігі

28.06.2024 (KZT Yield) 29.12.2023 30.12.2022





Мамыр айының қорытындысы бойынша теңге бағамы 1,2 %-ға, бір АҚШ доллары үшін 447,25 теңгеге дейін әлсіреді. Қазақстан қор биржасындағы сауда-саттықтың орташа тәуліктік көлемі бір айда 234 млн АҚШ долларынан 251 млн АҚШ долларына дейін ұлғайды. Сауда-саттықтың жалпы көлемі 5 млрд АҚШ долларын құрады.

Мамыр айында республикалық бюджетке трансферттерді қамтамасыз ету үшін Ұлттық қордан валютаны сату 800 млн АҚШ долларын құрады. Ұлттық қордың сату үлесі сауда-саттықтың жалпы көлемінің 16% - құрады және күніне 40 млн АҚШ долларынан аспайды. БЖЗҚ зейнетақы активтерінің валюталық үлесін 30% деңгейінде ұстап тұру мақсатында Ұлттық Банк мамыр айында биржалық сауда-саттықта шетел валютасын сатып алуды жалғастырды, оның жалпы сомасы 500 млн АҚШ долларын немесе нарықтың жалпы көлемінің шамамен 10% - құрады..


Мамыр айында Ұлттық Банк валюталық интервенциялар жүргізбеді.

Үкіметтің республикалық бюджетке трансферттер бөлуге арналған алдын ала болжамды өтінімдері бойынша 2024 жылдың маусымында Ұлттық Банк Ұлттық қордан 350-ден 450 млн АҚШ долларына дейінгі мөлшерде валюта сатуды күтеді.

2024 жылдың маусымында ЖЗҚ зейнетақы активтерінің валюталық үлесін ұстап тұру үшін валюта сатып алу 250 ден 350 млн АҚШ долларына дейін болады деп күтілуде.

Шетел валюталарының бағамы динамикасы


Δ %, база (01.01.24)



	Бағасы	Δ 7к, %	Δ 30к, %	Δ 2024, %
— GBPKZT	596,49	1,62	4,36	5,80
— USDKZT	471,46	1,45	5,42	0,62
— EURKZT	504,79	1,71	3,73	1,08
— CNYKZT	64,92	1,44	5,09	-4,02
— RUBKZT	5,53	2,41	9,22	-15,24

Brent мұнай құны

USD/баррель



Анықтама: Кесте мен сызба ҰБ арнайы нарық бағамы негізінде жасалған. ҰБ бағамы KASE бағамымен айырмашылығы болуы мүмкін.



Халықаралық индекстер

Атауы	Мәні	Тренд %			Фьючерс 7к
		7к	1а	1ж	
S&P 500	5 460,48	-0,1	3,7	24,2	-0,2
Dow Jones	39 118,86	-0,1	1,8	14,6	-0,3
PTC	1 151,93	0,0	-1,4	14,4	0,0
ММВБ	3 123,43	0,0	-5,9	11,7	0,0
Hang Seng	17 718,61	-1,7	-4,1	-6,4	-2,2
SS CSI 300	3 461,66	-1,0	-4,2	-9,4	-0,9
Euro Stoxx 50	4 894,02	-0,3	-1,4	12,4	-0,5
FTSEuroFirst	5 468,50	-0,4	-0,9	11,7	-0,6
FTSE 100	8 164,12	-0,9	-0,2	9,3	-0,8
KASE	5 151,81	1,1	1,6	43,3	

Шикізат нарығы

28.06.2024

Атауы	Бағасы	Тренд %		
		7к	1а	1ж
Мұнай (Brent)	86,41	1,4	3,4	16,2
Мұнай (WPI)	81,54	1,0	2,9	16,7
Табиғи газ	2,60	-3,8	4,3	-3,7
Мыс	439,05	-1,2	-8,6	19,4
Темір	828,00	-1,8	-7,2	-6,3
Алтын	2 326,75	0,2	-0,5	21,8
Күміс	29,24	-1,3	-9,2	29,4
Астық	553,50	-1,4	-20,1	-15,2

Экономикалық уақиғалар күнтізбесі

	Валюта	Болжам	Алдыңғы
30.06 <u>Өндірістік сектордағы іскерлік белсенділік индексі (PMI) (маусым)</u>	CNY	49,5	49,5
01.07 <u>Өндірістік сектордағы іскерлік белсенділік индексі (PMI) (маусым)</u>	USD	51,7	51,3
02.07 <u>Тұтыну бағаларының индексі (ТБИ) (ж/ж) (маусым)</u>	EUR	2,5%	2,6%
03.07 <u>Жұмыссыздық бойынша жәрдемақы алуға алғашқы өтінімдердің саны</u>	USD	235K	233K
03.07 <u>Қызмет көрсету секторындағы іскерлік белсенділік индексі (PMI) (маусым)</u>	USD	55,1	54,8
05.07 <u>Ауыл шаруашылығы емес секторда жұмыспен қамтылғандар санының өзгеруі (маусым)</u>	USD	189K	272K
05.07 <u>Жұмыссыздық деңгейі (маусым)</u>	USD	4,0%	4,0%

Анықтама: күнтізбе KASE пікірі бойынша ағымдағы аптадағы ең маңызды экономикалық уақиғаларды қамтиды

Қазақстанның макроэкономикалық статистикасы	Мәні	Күні	Алдыңғы ай
Жылдық инфляция	8,5%	01.06.24	8,7%
ҚРҰБ жалпықлттық резервтер, млрд USD	39,8	01.06.24	39,9
Ақша базасы, млрд KZT	12 681,8	01.06.24	12 290,6
Ақша масса, млрд KZT	38 160,7	01.06.24	37 917,4

Қазақстанның несие рейтингі

	Рейтинг	Күні	Алдыңғы
	BBB-/A-3 тұрақты	02.03.24	BBB-/A-3 тұрақты
	Baa2/позитивті	27.10.23	Baa2/тұрақты
	BBB/тұрақты	18.05.24	BBB/тұрақты



"Қазақстан қор биржасы" АҚ

Мекен-жайы: Қазақстан Республикасы,
050040, Алматы қ., Байзақов 280 БЦ
"Almaty Towers"

Тел.: +7 (727) 237 53 00



Корпоративтік веб-сайт



Бізбен байланысыңыз



**Листингілік компаниялардың
корпоративтік оқиғалар
күнтізбесі**



Осы есетегі ақпараттар мен пікірлерді "Қазақстан қор биржасы" АҚ (әрі қарай - KASE) мамандары әзірледі. KASE осы есебінде берілген ақпараттардың толық әрі дәл, дұрыс болуына кепілдік бермейді. KASE де, қызметкерлердің біреуі де осы есептің немесе онда ұсынылған мәліметтер мен талдауларың пайдалану нәтижесінде келген зиянға жауап бермейді.

KASE осы есепті үнемі жаңартуға жауап бермейді, сондай-ақ осы есепті дайындаған сәттен бастап, барлық өзгерістер туралы хабарлауға жауап бермейді:

1. Қаржы құралдарына түсетін инвестициядан табыс көбінесе нарықтық және нарықтық емес факторлардан туындайды. Көбінесе, инвестордың нақты кірісіне пайыздық мөлшерлемелердің ауытқулары, салық төлеу нормалары, валюталық бағам қозғалысы, бағалы қағаздардың баға белгілеулерін, нарықтық индекстердің, компанияның өндірістік және қаржылық көрсеткіштерін өзгерту, сондай-ақ басқа факторлар.
2. Өткен қорытындылар болашақтағы көрсеткіштердің қандай болатынын үнемі көрсете бермейді. Сонымен қатар, болашақтағы нәтижелер бағасы орындалмайтын ұйғарымдарға негізделген. Кез келген инвестиция мен кірістің құны төмендеуі немесе жоғарылауы мүмкін, оның нәтижесінде инвесторлар барлық инвестицияланған соманы кері ала алмайды. Инвестициялар үшін жалпыға танымал нарық боламан жағдайда инвесторлар түрлі қиындықтарға кездеседі, мәселен олардың сатылуы немесе олардың тәуекелімен байланысты оның құны туралы сенімді ақпарат алудан бастап.
3. Есеп жеке қаржы ерекшеліктер мен оны алатын тұлғалардың мақсатын ескермей жасалған.

KASE инвесторларға қандай да бір инвестициялар мен стратегиялардың мақсаттылығын бағалауды ұсынады және қаржы кеңесшілерінің қызметін пайдалануға шақырады.

Есеп берудің барлық құқықтары KASE тиесілі. Осы талдау материалын тарату және/немесе толық өндіру KASE жазбаша келісімінсіз жүзеге асырылады.